

4. Рюкуа А. Средневековая Испания. М., 2006.

5. Григулевич И.Р. Инквизиция. М., 1976.

Сейітова Ш.Б.

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ АРҒЫН ЭТНОНИМИНІҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Он сан орта жүздегі аға арыстың бірі – Арғын. Этностың дүниеге келуі оның атауының пайда болып қалыптасуы аса күрделі құбылыс. Ол кейбір тосын жағдайларға емес, өте ұзақ тарихи дәуірге этностың тұрақталған өмір тіршілігіне өзін-өзі қауым ретінде танып білуіне байланысты. Арғын этнонимінің тарихына, дәуірлеу жолын бағамдауға, этнос ретінде қалыптасу жолдарын айқындауға арналған еңбектер біршама. Атап айтқанда: Арғын этнонимі туралы А.Левшин, Н.Аристов, А.Харузин, Ш.Уәлиханов, Г.Е.Грум-Гржимайло, В.Бартольд, І.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақов, Ә.Марғұлан, Р.М.Мұсабаев, Ю.Зуев, С.Кляшторный, В.Востров пен М.Мұханов т.б. зерттеулер жүргізген. Сонымен қатар, Құрбанғали Халид (Тауарих хамса), Әбілғазы (Түрік шежіресі), Ш.Құдайбердіұлы (Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі), Мәшһүр Жүсіп (Қазақ шежіресі), М.Тынышпаев (История казахского народа), Л.И.Левшин (Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей), И.Г.Андреев (Описание Средней орды киргиз-кайсаков), С.Аманжолов (Вопросы диалектологии и истории казахского народа), Нығмет Мыңжан (Қазақтың қысқаша тарихы), А.Әбдірахманов (Қазақстан этнопономикасы), Б.Нәсенов (Арғын шежіресі), С.Тәбәрікұлы (Қамбар шежіресі), М.Сәрсекеев (Тарақты және қаракесек шежіресі) және т.б. зерттеу еңбектерін, шежіре кітаптарды атап өтуге болады.

Арғын этнонимін зерттеуші ғалымдар арасында арғын атауын Ұлық Ергин, Баяғу (Шәкәрім қажы) «Ор-

хон-Енесай» жазбаларында кездесетін «Ұлық – арғун» тайпасымен Қытайдың V ғасыр жазбаларындағы гаугуй (алун) тайпасымен, монғол тобындағы тілдерде бар «он» деген сан есімді білдіретін «арғын» сөзімен байланыстыратын байыптаулар бар. Дегенмен, бұл тұрғыда ғылыми айналысқа зерттеуші Н. Аристов әкеп қосқан пікірге зерттеушілер тоқталмай өтпейді. Ол арғынды әу баста қытай жылнамаларында башми, Орхон жазбаларында (Білге – Қаған, Мойын-Шор) басмыл деп атаған тайпаның кейінгі атауы деп дәйектейді.[1.42] С.Аманжолов Н.Аристовтың көне тайпа басмыл мен арғынды «будан», «қоспа» мағынасын білдіретін бір тайпа деген пікіріне қарсы шығып, ол туралы төмендегідей ой айтқан : «По моему мнению, уже один тот факт, что тюркские племена басмыли и аргу или арғыну жили в XI веке параллельно, как это мы видим в трудах М.Кашкари, говорит о том, что предположение Аристова о происхождении арғынов от басмылов не соответствует действительности», - дей келіп арғындардың мекен-тұрақтары мен қазақ халқына қатысы туралы нақты пікір білдірген: «Мне кажется, что упомянутое выше сообщение Аристова (из китайского источника) об «алунах», безусловно, заслуживает самого большого внимания; название их совпадает с казахским названием *арғынов* // *аргунов*. Видимо, позднее, к XI веку, они предвигались к той местности, на которую указывает М. Кашкари. Арғыны среди тюркских племен, по крайней мере среди казахов, пожалуй, самое многочисленное племя.» [2.48] С.Аманжолов еңбегінде

айтылғандай орта жүз құрамына кіретін алты арыс елдің ең көбінің бірі арғындардың қоныстары: шығыстан батысқа қарай Ертіс, Торғай өзендерінің аралығы, оңтүстікте Балқаш көлінен бастап шөлейтке қарай т.б. Тарихи мәліметтер бойынша арғындар бұл жерлерді ерте заманнан қоныс еткен. А.С. Аманжолов қазіргі арғындар, негізінен, Семей, Павлодар, Қарағанды, Ақмола, Солтүстік-Қазақстан, Көкшетау облыстарында қоныстанғанын айтады. [2.49] Ал қазіргі Шығыс Қазақстан аймағындағы арғындардың мекен-тұрақтарын М.Мұқанов «18 ғ. мен 20 ғасырдың басындағы қазақтардың этникалық территориясы» атты еңбегінде: «Каркаралинский уезд (уезд располагался в западной части области, простирался от западных склонов Чингизских гор и далее до реки Моинты и пределов Агадыря, с юга - от Балхаша и далее на север до Баянаульских гор) Семипалатинской области населяли следующие племена Среднего жуза: арғыны (роды: каракесек, тобықты, канжыгалы, куандык, камбар, таракты, караул) - 32 515 хозяйств, керей (роды: косай, бекназар) - 2 548, найманы - 986, қыпчаки - 3, туленгуты - 2 564 хозяйства. Арғыны занимали в основном левобережную часть Иртыша, до Баянаульских гор, на западе уезда южнее озера Карасор, тобыктинцы – в Чингизских горах и их окрестностях» – деп нақты атап көрсетіп береді. [3.35.]

Зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, Арғын этнонимінің бірнеше аталымда қолданылғанын аңғаруға болады: аруг гун, аргу, аруғ, арун, алұн, арғұ, аргон, ақ ғұн, аркагун т.б. М. Қашқари еңбегінде бұл этноним көбіне-көп *арғуча*, *арғулар* түрінде кездеседі, сөз аяғында жалғау қосылғанда *n* дыбысының түсіп қалуы – көне түркі тілдерінде болған құбылыс. Сол себептен де этноним *аргун* түрінде емес *арғу* түрінде қолданылуы әбден заңды. Аруг гун сөздері де фонетикалық өзгеріске түскен. Бұндағы

құбылыс қатар келген бірдей дыбыстардың бір-біріне әсер етуі нәтижесінде бірінің түсіп қалуы. Тілдің тарихын және оның өзгеруі мен дамуын жете түсіну үшін фонетикалық заңдарды білудің айрықша маңызы бар. І.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақов *арғын* атауын *аркагун* деген сөздің өзгерген түрі деп қарайды: *аркагун* < *арган* < *арғын* < *арғу* < *арка*. Ал *аркагун* терминіне авторлар А.Н.Кононов еңбегінен мынадай сілтеме келтіреді: Арка - поколение, где *-гун* - аффикс множественности, собирательности». Келтірілген деректерді тілге тиек ете отырып авторлар төмендегідей пікір білдірген: «казахский этноним *арғын* является, на наш взгляд, усеченной формой или фонетическим вариантом от *арган*, *аргагун* со значением «племенное объединение», «племенной союз», множество племен». [4.78-88.] Көптеген зерттеушілердің тізбелеген деректерін саралай отырып, арғын атауының тайпалар одағы деген мағынаны білдіреді деген уәжіне біз де тоқталдық.

Арғын атауының түркі әлемінде қолданыс тапқан мағыналары да аз емес. Осы атау өзінің гидронимдік (өзен-судың атауын), этнонимді (ру-тайпа атауын), антропонимді (ру-тайпаға тән жеке дара тұлғаның есімін), этнотопонимді (ру-тайпа атауынан қалыптасқан жер-су, елді-мекен атауларын) т.б білдіретін қасиетке ие екендігі айқындалып тұр. Енді осыны талдап қарайтын болсақ:

Арғын - ороним. «*Арғу* - екі тау арасы. Тараз (Талас)және Баласағұн арасындағы шахарларды *Арғу* дейді. Өйткені ол екі тау арасында».[5.157.]

Арғын – ойконим. Кавказдағы Сунджу өзеніне Арғын сайын басып ағатын Арғын деген тау өзені қосылады. Арғын сайында Арғын ауылы орналасқан. [6.78.] Арғұт – гидроним. М. Тынышбайұлы зерттеуінде Амур өзеніне құятын Бурятиядағы өзен аты арғын (Аргунь деп аталады). Алтайда Қатын өзенінің оң саласын құрайтын

Арғұт өзені бар екендігін, сондай-ақ моңғол тілінде «т» әрпімен бітетін сөз көпше жалғауды білдіреді. Егер соңғы сөздері «т»-ны «н»-ға өзгертсек тағы да арғұм немесе арғұн шығатынын айтады. [6.74.] Бұл пікірді көптеген ғалымдар өз зерттеулеріне өзек етеді.

Арғын - этноним. Екі тіл білетін және шахарлармен араласып қалған кісілердің тілінде бұзықтық бар. Соғдақ, кенжек, арғу тайпалары сондай екі тіл білетіндерге кіреді. [5.55.]

Арғын руына қатысты ономастический атаулар аталмыш ру, тайпа, ұлыстарының өздері иемденген жерлерде қашан, қай заманнан тұрып келе жатқанынан, қандай ұлыс, тайпалармен көрші болғанынан, қазақ халқының ерте заманғы қоғамдық құрылысынан хабардар етері сөзсіз. Тайпалар одағын бірлестірген арғын руының атауына байланысты лингвистикалық мәліметтер молынан кездесе, осы арғын руына, оның тайпасына және сол рудан шыққан белгілі адамдар есіміне байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер тіл білімінде қарастырылмаған мәселелердің бірі. Мысалы: *Ақжолдаса арғын қалмайды, екеуі бірігіп Сарманайлап түйілсе, басқалардың тамтығы да қалмайды. Он екі арыс арғын. Он алты ұлды Жоламан. Мен шормын, шормын, құдайдан да зормын. Ақсақтың алтауы. Арғын – аға баласы. Жеті момын. Айбикенің ауылына қонғанша, Нұрбикенің көшіп кеткен жұртына қон. Аспандай арғын, жұлдыздай қыпшақ. Арғын Тәйтеке болғанда, Алшын Әйтеке болған. Арғын деген арыспын, азуым алты қарыспын т.б.*

Сейсембай Г.А., аға оқытушы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

ӘСЕТ НАЙМАНБАЙҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Әдебиетіміздің тарихында артына әсем әндері мен мағыналы өлеңдерін мирас еткен ХІХ ғасыр қазақ

Арғын этнониміне қатысты атаулардың, тұрақты тіркестердің, төркінін, шығу тегін, мән-мағынасын, қолданыс аясын айқындау қазақ халқының болмысының ішкі нәрін толықтыратын арнаның бір бұлағы іспеттес. Жалпы халықтық тілдің даму мен кемелденуінде, тіл лексикасының молығуы мен оның бейнелеу қуатының артуында өзіндік үлес қосып келе жатқан айшықты сөздердің белгілі бір аймақта өзін тұтынушы халықтың өткен өмір кешулерінен шертер сыры да аз емес. Шығыс Қазақстан аймағындағы арғын этнониміне қатысты атау сөздердің, арғын руының белгілі бір табына, ру-тайпа ішіндегі танымал адам есімдерінен қалыптасқан тұрақты тіркестердің тілдік бірлік ретіндегі мән-мағынасын тілдік дерек көз ретінде қарастырудағы маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Салғарин. Қазақ шежіресі. // Жұлдыз.1991.№10.-42б.
2. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка.-Алматы.Санат.-1997.-608ст.-48с.
3. Мұқанов М.С. Этническая территория казахов в XVIII начале XX веков.Алма-Ата.Казахстан.-1991.-64б.
4. Кенесбаев С.К., Джанузаков Т.Д. О лексических пластах ономастики казахского языка //Советская тюркология, 1976, №3 . 78-88ст.
5. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі.-Алматы. Хант.-1997.- 1т.-590 б.
6. М.Тынышбаев. История казахского народа.-Алма-Ата. Қазақ университеті.-1993.-224ст.

әдебиетінің көрнекті өкілі - Әсет Найманбайұлы.

Әсет ақын шығармашылығын тақырыптық тұрғыдан зерделер болсақ,